



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10, 10 2026 жыл № 72

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төменде көрсетілген іс-шаралардың қатаң сақталуы мен орындалуын **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақша ғимаратының тәрбиеленушілер үшін қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын-алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.
2. Балалардың биік ғимараттардың терезелерінен, балкондарынан және шатырларынан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу жоспары жасалсын.
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың өлім-жітімін және жарақаттану фактілерін болдырмау жөнінде ата-аналар мен балалар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жаднама таратылсын.
4. Балабақшада балалардың болуы кезеңінде педагогтар мен тәрбиешілер арасында еңбек қауіпсіздігі техникасы және олардың жауапкершілігін арттыру бойынша нұсқаулықтар жүргізілсін.
5. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау жөнінде заңнаманың бұзылуына жол берген балабақшаның педагог қызметкерлеріне, тәрбиешілерге, тұрақты негізде әкімшілік шара қолданылсын.
6. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, балалардың жол-көлік оқиғаларынан зақымдануын алдын алу, олардың жолда қауіпсіз жүру дағдыларына бағытталған профилактикалық шараларды жүргізу жалғастырылсын.
7. Тәрбиеленушілерді спроттық жарыстарға апару кезінде, мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз өзгеріс енгізуге, медициналық тексерістен өткізбей апаруға тыйым салынсын.
8. Жоғарыда аталған тапсырмадардың орындалуын қадағалау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауаптылық әдіскер У.Турганбаеваға, медбике С.Ашимбековаға, шаруашылық меңгерушісі Т.Ажимовке жүктелсін.
9. Оқу процесі барысында, іс-шараларға апару кезінде балалар арасында жазатайым оқиғалар болған жағдайда балабақша меңгерушісіне Г.Абеноваға,


медбике С.Ашимбековаға, әдіскер У.Турганбаеваға және шаруашылық меңгерушісі Т.Ажимовке тікелей хабарлансын.

10. Төтенше жағдайлар туындаған кезде «101» номері арқылы өртке қарсы қызметке, «109» номері арқылы «iKotek» жедел әрекет ету және мониторингілеу орталығына, «112» құтқару қызметіне, білім басқармасының басшысына тікелей хабарласын
Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Меңгеруші



Г. Абенова

Бұйрықпен таныстым:  С.Ашимбекова

----------Т.Ажимов

-----У.Турганбаева